

**2023-2024 оқу жылына арналған  
«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** №29 бөбекжайы

**Топ:** кіші топ

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек-мамыр 2023-2024ж.

| айы             | ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті   |
|-----------------|--|
| <b>қыркүйек</b> | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу).</p>       |
| <b>казан</b>    | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу.</p>                      |
| <b>қараша</b>   | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Әннің мағынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырату; аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді</p> <p><b>Ән айту:</b> Күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру. әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере</p> |

|           |  |
|-----------|--|
|           | отырып заттармен қимылдар жасау.   |
|           |  |
| желтоқсан | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың карама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу – жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауысу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өту.</p> |
| қантар    | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қол қимылдарын: "шәпәләк – шәпәләк", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру.</p>   |
| ақпан     | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру.</p> <p>таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау, қайталау.</p>   |
| наурыз    | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.</p>  |

|              |   |
|--------------|---|
| <b>сәуір</b> | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу;</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну (ересектердің қатысуымен); әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу.</p>    |
| <b>мамыр</b> | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Трлі аспаптарда педагогтың орындауындағы және ұнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, таныс әндерді қосылып айту, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу.</p> |